

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев ауылдық округінің Надежка ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 5 сәуірде № 7462-15 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік -аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Надежка ауылы халқының пікірін ескере отырып, ШЕШТІМ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Куйбышев ауылдық округінің Надежка ауылындағы атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- №1 атауы жоқ көшесіне – Жастар көшесі;
- №2 атауы жоқ көшесіне – Жігер көшесі;
- №3 атауы жоқ көшесіне – Жеңіс көшесі;
- №4 атауы жоқ көшесіне – Ыбырай Алтынсарин көшесі;
- №5 атауы жоқ көшесіне – Шоқан Уәлиханов көшесі;
- №6 атауы жоқ көшесіне – Болашақ көшесі;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар ауданы

Куйбышев ауылдық округінің әкімі

Л.Викторович